

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 5 наурыз N 80

Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда К941000_ қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат), "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1996 жылғы 7 желтоқсандағы N 50-1 Қазақстан Республикасының Заңына ("Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттері, 1996 жылғы 11 желтоқсан) мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

129-баптың 2-тармағы "міндеттемеге" деген сөзден кейін "сондай-ақ бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылардың" деген сөздермен толықтырылсын;

135-бапта: 1-тармақтың бірінші абзацында "арнайы лицензия алған депозитарий-ұйым эмитентпен жасалған шарт (депозитарлық шарт) бойынша" деген сөздер "арнайы лицензия алған ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың екінші абзацында "депозитарий" деген сөз "арнайы лицензия алған ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Құқықтарды жүзеге асыру, өткізу, беру және шектеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленуі тиіс. Атаулы немесе ордерлі бағалы қағазбен, соның ішінде құжатсыз нысанда бекітілген, құқықтарды белгілеуге арнайы лицензия алған бағалы қағаздар рыногына

кәсіпқой қатысушылар ресми жазбалардың сақталуына, олардың құпиялығын қамтамасыз етуге, осындай жазбалар туралы дұрыс деректер беруге және жүргізілген операциялар туралы ресми жазбаларды жүргізуге жауапты болады".

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ